

#ЖаңаҚазақстан

«Елтаңба, Ту, Әнұран –
Тәуелсіздігіміздің басты
құндылықтарының
көрінісі, бейбітшіліктің,
бірлік пен келісімнің,
өсіп-өркендеудің белгісі.
Біз халқымыздың
мүддесін қорғайтын
күшті, беделді мемлекет
құру жолында
биік белестерге
бірге жетеміз».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҰЛТ КЕЛБЕТІ



МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕР
МӘРТЕБЕСІ

4

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ



ЕЛТАҢБАНЫ ӘР ҚАЗАҚ
ҚҰРМЕТТЕУІ КЕРЕК

8

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 3 маусымдағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 102 632

II компонентпен

1 084 715

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

4.06.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

5.06.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр,
найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр,
кей уақытта қатты,
найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY


АРНАЙ ШЫҒАРЫЛЫМ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №62-63 (6198) 4 маусым, сенбі, 2022 жыл.

БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ!

ҰЛТ КЕЛБЕТІ

ҰЛЫҚТАЛАР ҰЛЫ КҮН!



Мемлекеттік
рәміздерді
құрметтеу мен
қастерлеу –
ел азаматтары
үшін айрықша
міндет, әрі борыш,
әрі нарыз!

Кеуденді мақтаныш сезімі кернейтін кездер болады. Мұндайда туған еліңе, туған жеріңе, Отаныңа деген мақтаныш сезіміңнің орны тіпті бөлек.

Адамды осындай ерекше күйге бөлейтін сәттердің бірі – көк аспанда еліміздің Көк Туының желбіреп тұрған көрінісі. Ал Әнұранымыз бен Елтаңбамыздың әсері өз алдына бөлек әңгіме.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы Конституциялық заңға» сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ республика аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

Биыл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл толып отыр. Осыған орай газетіміздің бүгінгі мерекелік санында айтар әңгімеміз де аз емес.



«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

МӘНГІЛІК ЕЛ ТІРЕГІ

Алматыдағы Достық үйінде Мемлекеттік рәміздер күніне орай
«Дөңгелек үстел» өтті

«Мемлекеттік рәміздер – мәңгілік ел тірегі!» деген тақырыпта өткен мәдени іс-шара Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаумен басталды. Шараға Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айдар Есенбеков, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Әсия Ақанова, заң ғылымының кандидаты, доцент Қазыбек Дәуітәлиев, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің деканы, доцент Думан Жекенов, Қазақстан Еріктілер лигасының төрағасы Нұрсұлтан Бекқайыров және басқа да белсенді жастар қатысты.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кездесуді Әдебиет және өнер институтының бас директоры Кенжетхан Матыжанов жүргізіп отырды.

– Мемлекеттік рәміздер күні – бұл жай ғана мереке емес. Биыл мемлекеттік рәміздерімізге отыз жыл толып отыр. Сондықтан біз жастарды ұлттық нышандарға құрметпен қарауға, оны шын сезінуге үндеуіміз керек. Қалада Рәміздер күніне арналған көптеген іс-шаралар өтеді. Біз жұмысымызды танертең Гимнді орындаудан бастаймыз. Осы тұста барлық мекемелерге мемлекеттік рәміздерді насихаттау қажет екенін атап өткім келеді. Осыдан 30 жыл бұрын біздің Көк Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымыз қалай қабылданғаны әлі есімде. Алматыда осы тақырыпта өткен көрмеде мемлекеттік рәміздеріміздің мыңға жуық нұсқасы ұсынылған болатын. Қоғамда мемлекеттік ту қандай болуы керек, қандай түсті, қандай бейнелер мен ою-өрнектер болуы керек екендігі кеңінен талқыланғаны белгілі. Көптеген суретшілер мемлекеттік рәміздердің нұсқаларын ұсынып, олардың ішінде көгілдір жалау көңілден шыққан еді. Бұл – бүкіл түркі халқының, соның ішінде қазақ халқының рәмізі, ол ашық көк аспанды білдіреді. Бұл асқаралы ақ арманның символы. Туда астық, қыран бүркіттің бейнесі мен шұғылалы күннің суреті бар.

Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. Жоба авторлары Шота Уәлиханов пен Жандарбек Мәлібекұлы қазақтың ежелгі дүниетанымын, мысалы, күн сәулесі іспеттес жылқыны, шаңырақты, уықтарды көрсетті. Бұл уақыттың байланысы, өткеннің болашаққа Жолдауы. Содан отыз жыл бұрын біз Кеңес Одағы кезінде болған республикамыздың ескі Әнұранының әуенін қалдырдық.

2006 жылы Әнұран ретінде халық арасында танымал патриоттық «Менің Қазақстаным» әні

қабылданды. Ол Қазақстанның ресми Гимні ғана емес, дәл осы әнді жастар 1986 жылдың желтоқсанында республика компартиясы орталық комитетінің ғимараты алдындағы алаңда да шырқаған болатын. Қандай іс-шара болмасын, қазақ халқы қай жерде жиналса да «Менің Қазақстаным» әнін айтады. Бұл – Отанға, халыққа деген сүйіспеншілікті білдіретін ерекше ән, сезімге әсер ететін, жүректі толқытатын ән. Бұл адамдарға өз мемлекетіне деген патриотизм мен құрмет сезімін ұялататын нышан. Мерекенің құндылығы да сонда.

Қазақстаннан тыс жерлерде – халықаралық жарыстарда Туымыз көтерілгенде, барлығымыздың кеудемізді мақтаныш сезімі кернеп, рухымыз көтерілетіні рас. Кейде тіпті шетелде жүрсен сол жерде мемлекеттік рәміздерімізді көріп қалсаң толқып кететініміз бар.

Мемлекеттік рәміздерге құрметті балабақшадағы бүлдіршіндерден бастауымыз керек. Егер әрбір үйдің балқондарында біздің Ту желбіреп тұрса, бұл Отанға деген зор сүйіспеншіліктің айғағы болар еді деп ойлаймын. Жастарымыздың дені сау болып, бақытты өмір сүрсе, мемлекетіміз де гүлдене түсері сөзсіз. Сонда біз мәңгілік ел боламыз, – деді спикер.

• Мемлекеттік рәміздерге құрметті балабақшадағы бүлдіршіндерден бастауымыз керек. Егер әрбір үйдің балқондарында Көк Туымыз желбіреп тұрса, бұл Отанға деген зор сүйіспеншіліктің айғағы болар еді деп ойлаймын. Жастарымыздың дені сау болып, бақытты өмір сүрсе, мемлекетіміз де гүлдене түсері сөзсіз. Сонда біз мәңгілік ел боламыз.



«Дөңгелек үстел» спикерлерінің тағы бірі – халықаралық спорттық жарыстардың жеңімпазы, Алматы мәслихатының депутаты, 23 жастағы спортшы-паралимпиадашы Серік Есмаев бала кезінен спортпен айналысқан, бірақ 13 жасында апат салдарынан екі аяғынан айырылған.

– Жас кезімнен ел намысын шетелде, әлемдік спорт аренасында қорғау үшін олимпиадашы болуды армандадым. Сондықтан өз арманымнан бас тартпадым. Мандайға жазылған тағдырыма көнбеске амал жоқ. Ішкі жігерімнің мықтылығы болар, кейіннен өзімді паралимпиадалық спорттан таптым. Отырып волейболмен, сондай-ақ теннис, жүзу және басқа да спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндігіміз бар екенін білген соң, қарқынды түрде айналыса бастадым және қысқа уақыт ішінде үлкен биіктерге жеттім. Екі айдың ішінде Қазақстан құрамасына кіріп, команда капитаны болдым. Біз Қызылордаға жиынға барған кезде, өзіме үлкен жүктің һәм жауапкершіліктің жүктелгенін сездім. Малайзияға барып, бес күн ішінде 29 елді жеңе алдық. Сөйтіп, Отанымызға қола медальмен оралдық. Бұл отырып ойнау волейболынан Қазақстан тарихындағы жалғыз қола медаль. Сол күні жеңіс тұғырына көтерілгенде «Менің Қазақстаным» шырқалды. Біріміздің қолымыз, біріміздің аяғымыз жоқ... футболшылар сияқты бір-бірімізді демеп тұрдық. Бұл бізге батылдық пен күрескердің рухын ұялатты. Біздің әрқайсымыз бөтен елде өзіміздің еліміздің Әнұраны орындалғанда

• Қазақстаннан тыс жерлерде – халықаралық жарыстарда Туымыз көтерілгенде, барлығымыздың кеудемізді мақтаныш сезімі кернеп, рухымыз көтерілетіні рас. Кейде тіпті шетелде жүрсен сол жерде мемлекеттік рәміздерімізді көріп қалсаң толқып кететініміз бар.

қатты жігерлендік, рухтандық. «Менің Қазақстанымның» әр жолы, әр сөзі жүрегі Отаным деп соққан әрбір азаматқа жігер мен рух сыйлайтыны анық.

Серік Есмаев замандастарын патриот болуға шақыра отырып: «Мен сіздерді келе жатқан мереке – Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері күнімен құттықтағым келеді, еліміздің мәртебесін асқақтатыңыздар. Өйткені, бұл біздің жеріміз және оны қорғау керек», – деп сөзін қорытындылады.

«Дөңгелек үстелде» Көк Ту, Елтаңба, Әнұранның тарихы, дүниеге келуі, заңдық және азаматтық тұрғыдағы қасиеттері төңірегінде ойлар айтылды.

Сонымен қатар, белсенді жастар мемлекетіміздің болашағы жарқын болуы үшін аянбай қызмет етіп, ел абыройын асқақтату жолдарын ортаға салды.

БРИФИНГ

АЛМАТЫ ТАСТҮЙІН ДАЙЫН

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте республикалық референдумға дайындық барысы туралы Алматы қаласы аумақтық референдум комиссиясының төрайымы Жанна Асанова мен орынбасары Айгүл Қалықова айтып берді.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Қалада барлығы 574 учаске ұйымдастырылған, оның 67-сі арнайы мекемелерде, яғни ауруханалар, санаторийлер, әскери бөлімдерде. Сайлау комиссияларының барлық мүшесі каскадтық модель бойынша оқытудан өтті. Барлық сұрақ бойынша сайлау учаскелеріне хабарласа аласыздар», – деді Ж.Асанова.

Спикерлер сондай-ақ, дауыс беру тәртібі мен рәсімін түсіндірді. Мәселен, еліміздің басқа өңірлерінде тіркелген, бірақ осы күні Алматы қаласында жүрген азаматтар есептен шығару куәліктерін пайдалана отырып, өздерінің конституциялық құқығын пайдалана алады.

«Дауыс беру күні сайлаушылар жеке куәлікпен келеді, ал әскери бөлімдерде әскери билет көрсетіледі. Бұл жағдайда сіз тіпті электрондық құжаттарды пайдалана



аласыз. Қазір адамдардың көпшілігінде eGov mobile мобильдік қосымшасы бар екені белгілі. Дауыс беру күні Алматыда болған, бірақ бастапқыда басқа өңірлерде тіркелген жері бойынша тізімге енген азаматтар да кез келген учаскеде алынған есептен шығару куәліктері бойынша дауыс беруге құқылы. Бүгінде 646 есептен шығару куәлігі берілген», – деді А.Қалыкова.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін (денсаулық

жағдайы бойынша немесе отбасының науқас мүшесінің күтіміне байланысты) үйде дауыс беру ұйымдастырылады. Ол үшін алдын ала өтініш жазу керек. Мұндай өтініштер 5 маусымда сағат 12.00-ге дейін қабылданады.

Осы орайда еске сала кетейік, 5 маусымда сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша жалпыұлттық референдум өтеді.



● МЕРЕЙ

«Менің рәміздерім, менің мақтанышым»

ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығын атап өту аясында елімізде 180-нен астам іс-шара ұйымдастыру жоспарланғанын мәлімдеді.

Елордада «Атамекен» этномемориалдық саябағындағы ең биік тұтқырда Мемлекеттік ту көтеру рәсімі, республика бойынша Мемлекеттік гимнді орындау флешмобы сынды маңызды іс-шаралар ұйымдастырылмақ. Бүгін республикалық Патриоттар форумы, авто-мото шеру өткізу жоспарланған. «Мерекелеу концепциясына байланысты әрбір өңірде ҚР Мемлекеттік рәміздер жөніндегі жергілікті комиссиялардың отырыстары ұйымдастырылды. Мәдениет үйлерінде және кітапханаларда ай сайын тақырыптық бағытта іс-шаралар болып тұрады. Жыл басынан бері барлық кітапханаларда «Менің рәміздерім, менің мақтанышым» кешенді кітап көрмелері өтті. Іс-шараларға шығармашылық және ғылыми интеллигенция өкілдері, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар және үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстан халқы Ассамблеясы және жастар кеңінен тартылды», – деді вице-министр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Самат Құсайынов

● ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ» бағдарламасына 11 мыңнан астам өтінім түскен



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһарда «Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасына құжат қабылдау мерзімі аяқталды. Аталмыш бағдарламаға баспаналы болуға үміткер 11 мыңнан аса алматылық құжат тапсырған.

Кеше «Алматы жастары» жеңілдікпен несиелендіру қалалық бағдарламасының алдын ала қорытындылары шығарылды. Құжаттарды қабылдау www.almaty-zhastary.kz сайтында 18 мамырдан 1 маусымға дейін жүргізілді. Өтініштердің басым бөлігі білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала мен ішкі істер органдарының қызметкерлерінен барлығы 11 199 өтініш түсті. Атап айтсақ:

- денсаулық сақтау – 3096;
- **білім беру – 3943;**
- **мәдениет – 453;**
- **спорт – 136;**
- **ЖОО мен ФЗИ – 1208;**
- **әлеуметтік сала – 1384;**
- **БАҚ – 187;**
- **құқық қорғау органдары – 792.**

2 маусымда барлық өтініштер мен құжаттарды қарау басталды. 20 жұмыс күні ішінде өтініштердің бағдарлама талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Осыдан кейін әр сала бойынша ең көп ұпай саны бойынша тізім жасалады:

- **тіркелген некеде әр жыл үшін – 1 балл;**
- **1 (бір) бала болған жағдайда – 1 балл;**
- **осы санаттағы (саладағы) жұмыс өтілінің әр жылы үшін – 2 балл;**
- **ХӨӨТ тиесілілігі үшін – 5 балл.**

Ашықтық пен әділдік үшін резервке енгізілген және қабылданбаған қатысушылардың тізімі сайтта жарияланады.

Іріктелген үміткерлер жеке кабинетінен «Отбасы банк» АҚ-ға жолдама беріледі. 15 жұмыс күні ішінде олар төлем қабілеттілігін бағалаудан өту үшін «Отбасы банк» АҚ-ның кез келген қызмет көрсету орталығына жүгіне алады.

Төлем қабілеттілігін растаған қатысушылар 45 күнтізбе ішінде бастапқы немесе екінші нарықтағы тұрғын үйді таңдауы тиіс.

Тұрғын үйге арналған құжаттар тұрғын үй замын беру мүмкіндігін қарау үшін «Отбасы банк» АҚ-ға ұсынылады. Айта кетейік, биыл аталған бағдарламамен 1000 адамды қамту жоспарланған.

● ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«ҚАУІПСІЗ СУ»

Шомылу маусымы: қауіпсіздік шаралары күшейтілді



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Исхар Савазов шомылу маусымы кезеңінде су айдындарында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы айтып берді. Ол сондай-ақ, қала тұрғындарын шомылу маусымы ашылған уақыттан бастап судағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға және жүзуге арналмаған жерлерде шомылмауға шақырды.

«Қалада суда жаппай демалу үшін төрт орын анықталды. Бұл – «Сайран» су қоймасының батыс және шығыс бөліктері, «Гүлдер» демалыс аймағы және Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы бойындағы Баум тоғайының жағажай аймағы», – деді Исхар Савазов.

Спикер атап өткендей, қазіргі уақытта «Сайран» су қоймасы толы. Ондағы тәулік бойы кезекшілікті Алматы қаласы құтқару қызметінің құтқарушылары жүзеге асырады. Жағажайлар үшін жүзудің белгіленген шекаралары дайындалған. Шомылуға тыйым салынған орындардың периметрі бойынша алдын алу материалдары бар алты ақпараттық стенд және 12 қауіпсіздік белгісі орнатылды.

Бұл ретте биылғы жылы Құлжа трактііндегі жолайықтың құрылыс-монтаж жұмыстарына байланысты Үлкен Алматы каналын сумен толтыру жоспарланбаған.

Спикер сондай-ақ, суға түсуге тыйым салынған орындарда ТЖД қызметкерлері мен ҚР Ұлттық ұланының әскери қызметшілері судағы демалыс орындарын күнделікті патрульдеу жүргізетінін еске салды. Биылғы жылы дронның көмегімен патрульдеу тәжірибесі де қолданылады.

«Егер сіз суға батып бара жатқан адамды көрсеңіз, ең алдымен, айналасыңыздағы адамдарға хабарлап, құтқарушылар мен жесдел

жәрдем шақыруын сұрауыңыз керек, содан кейін белгілі бір ережелерді сақтай отырып, оны өз бетіңізше құтқаруға тырысыңыз. Есте сақтайтын жәйт, суға батып бара жатқан адам қатты қорыққанынан сіздің киіміңізге жармасуы мүмкін. Сондықтан оны артынан ұстауға тырысу қажет», – деді спикер.

Брифинг барысында Исхар Савазов балалардың суға батып кетуіне жол бермеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы да айтты. Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері бойынша оқыту жұмыстары ұйымдастырылып, онда жалпы саны 3275 адам дәріс алды.

Алдын алу және ақпараттандыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. 11 мамырдан бастап Білім басқармасымен бірлесіп «Қауіпсіз су» акциясы іске қосылды. Қаланың барлық жалпы білім беретін және арнайы орта мекемелерінде 93 мың мектеп оқушысын қамти отырып, ашық сабақтар, сынып сағаттары, конкурстар, викториналар, интерактивті сабақтар өткізілді. Сондай-ақ, Қызыл Жарты Ай қоғамымен бірлесіп, қаланың барлық мектептерін қосу арқылы тікелей эфир өткізілді. Сонымен қатар, қаланың жалпы білім беру мекемелерінде «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында бейнероликтер көрсетілуде. Осылайша 280 мың алматылық оқушы қамтылды.

Сонымен қатар, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, адам өлімінің бірнеше жағдайлары тіркелген жерлерде 11 ақпараттық стенд (сонғы бес жылда қаза болғандардың санын көрсете отырып), сондай-ақ, 66 тыйым салу белгісі орнатылды.

Адамдар көп жиналатын нысандарда (СОО, СУ, ХҚКО, ТЖ вокзалдары, метрополитен, әуежай, кинотеатрлар және т.б.), денсаулық сақтау мекемелерінде, сондай-ақ қаланың медиаорттарында және LED-экрандарында судағы қауіпсіздік тақырыбына бейнероликтер көрсетіледі. Ағымдағы жылдың 1 мамырынан бастап бірлескен рейдтер өткізіліп, оның аясында 1000-нан астам жадынама таратылды.

● ӘСКЕРИ ЖАТТЫҒУ



ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Тау дайындығы орталығында альпинистік жабдықтарды дұрыс қолдану, қозғалыс техникасы және таулы жерлерде ұрыс жүргізу тактикасы бойынша жаттығу сабақтары өткізіліп жатыр.

Жиынға Үндістан Республикасы Қарулы күштерінің әскери қызметшілері нұсқаушы ретінде келген. ҚР Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, іс-шараның мақсаты – әскери қызметшілердің таулы жерлерде сауатты іс-қимыл жасау қабілетін тексеру, әскери альпинисттердің тау кедергілерін еңсеру дағдыларын жетілдіру, әскери қызметшілердің физикалық тұрғыда төзімділік деңгейін арттыру. Іс-шарада жауынгерлерге альпинистік жабдықтармен жұмыс істеу, таудағы жартасты және мұзды учаскелерді еңсеру бойынша тәжірибелік сабақтар өткізіледі.

Жиын барысында Іле Алатауының шыңдарына көтерілу жоспарланған. «Үндістан Қарулы күштерімен тау дайындығы саласындағы ынтымақтастық 2005 жылдан бері жүргізіліп келеді. Қазақстандық жауынгерлер үнді тарапының шақыруымен тәжірибе алмасу мақсатында 2005 жылы биіктігі 7134 метр Нун шыңына, 2010 жылы 6400 метр биіктіктегі Багратхи шыңына бірге көтерілген болатын. 2018 жылдан бері үнді әскери нұсқаушылары жыл сайын тәжірибе алмасу үшін Қазақстан Қарулы күштерінің тау дайындығы орталығына келіп тұрады», делінген ведомство мәлімдемесінде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ЭКОСЕНБІЛІК

#BIRGETAZA- QAZAQSTAN АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Эко-сенбілік азаматтарды қоршаған ортадағы тазалықты сақтауға шақыруға бағытталған.



Динара
МҰРАТ

«Birge taza Qazaqstan» акциясы алғаш рет 2019 жылы іске қосылды. Ашылғалы бері науқанға еліміздің 650 мыңнан астам белсенді тұрғыны қатысты. Тек үш жылдың ішінде 400 мың тоннадан астам қалдық жиналып, кәдеге жаратуға берілді. Сонымен қатар, іс-шара аясында екі миллион ағаш отырғызылды.

«5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні» мерекелеу аясында Алатау ауданындағы «Alatau city» тұрғын үй кешенінің жанында акция ұйымдастырылды. Акция «Qamqor charity» қоғамдық қоры мен облыстың мердігер ұйымдарының қатысуымен Алатау ауданы әкімдігі мен Алматы қаласы Экология департаментінің тікелей атсалысуымен өтті. Эко-шараға Алматы қаласы бойынша экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеңілов, Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков қатысты. Акцияға 30-дан астам жұмысшы мен 40-қа жуық волонтер қатысып, 7 мамандандырылған автомобиль пайдаланылды.



ҰЛТ КЕЛБЕТІ

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан тарихы кафедрасының
оқытушысы:

Біз мемлекетіміздің тамыры тереңде жатқанын ел санасында берік орнықтыруға тиіспіз. Мемлекеттік нышандарға құрмет – отаншылдықтың көрінісі. Осы орайда, мен рәміздерімізді қолдану ережесін қайта қарауды тапсырдым. Қасиетті Көк байрағымызды үй сыртына және басқа да көрнекті жерлерге ілуге тыйым салуға болмайды. Керісінше, азаматтардың мұндай әрекетін құптау керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР МӘРТЕБЕСІ

1992 жылы 4 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. Бұл күн ел тарихында жаңа мемлекеттік рәміздердің туған күні ретінде мәңгілікке жазылып қалды.

Рәміздер – мемлекеттіліктің атрибуты. Жас республикаға өзінің ерекшелігін айшықты да қысқа, түсінікті бейнеде ұқтыратын символдар қажет болатын. Осынау жауапты міндеттің шешімі көп күш-қуат талап етті. Ұзаққа созылған жұмыс 1992 жылдың жазында аяқталды.

• Қазақстанның мемлекеттік туы – көк түсті тік-бұрышты мата. Оның ортасында сәулесін шашқан күн, астында қалықтаған бүркіт бар. Жалаусапта тік жолаққа ұқсайтын ұлттық ою-өрнек орналастырылған. Бұл элементтердің барлығы алтын түсті. Тудың енінің оның ұзындығына қатынасы: 1:2. Тудың авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, қиын күресте авторлық құқықты жеңіп алған суретші Шәкен Оңласынұлы Ниязбеков.

Мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі

«Кәсіби және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 4 маусымдағы №337 «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы №382 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасында 4 маусымда еліміз Мемлекеттік рәміздер күнін атап өтеді.

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі. Олар Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран. Биыл Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл толып отыр. Көк байрақта самғаған қыраны бар, күннің нұры мен шаңырақ, қанатты тұлпар кейпіндегі елтаңба бүкіл әлемге танылды.

Ту – киелі рәміз. Тіліміздегі «ту қылып ұстау», «ту қылып көтеру» сияқты сөз тіркестері бір нәрсені қасиеттеуді, қадірлеуді, қайрат беретін күш санауды білдіреді. Ту ел қорғайтын әскерге, жауынгерлерге күш беріп, рухын көтерген. Ту үлкен матадан түсті желек түрінде жасалып, найзаға, оның сабына тағылып көтерілетін. Ту әскер үстінде желбіреп тұрса, әскерді жеңіске жеткізеді деп түсінгендіктен, оны қорғап, сақтап, тудың құлауын жеңілумен бірдей көрген. Соғыс кезінде әскер өз туын сақтап, жау туын құлатуға тырысқан. Туды әскердің киесі санағандықтан көшпелілерде айқас кезінде туды ұстауға ең батыр адамдар сайланған.

Қазақ ауыз әдебиетінде өздері жараланса да, туды құлатпай ұстап тұрған батырлар туралы аңыздар көп. Мысалы, жоңғарлармен бір айкаста Қазымбет батыр ту ұстаушы болып, айқастың аяғына дейін тапжылмай тұрады. Айқас біткеннен кейін де аттан түспеген соң, жанына келсе, жаудың тиген оқтарынан өліп кетсе де, туын түсірмей ұстаған күйде қатып қалған екен деседі.

Бейнелеу өнері ескерткіштері, көшпелілер петроглифтері, заттағы, балбал

• Қазақстанның мемлекеттік елтаңбасы дөңгелек пішінді. Шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбезді бөлігі) көгілдір фонда бейнеленген. Шаңырақ бейнесінен уықтар (тіректер) күн сәулесі түрінде жан-жаққа сәуле шашады. Киіз үй философиялық тұрғыдан ойластырылған. Дәстүр, дүниетаным, қонақжайлылық, төзімділік, үлкенге құрмет – мұның бәрі киіз үйде қалыптасқан. Шаңырақтың сол және оң жағында мифтік қанатты аттар орын алған. Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде бес бұрышты жұлдыздың, ал төменгі бөлігінде латын әрпімен жазылған «Қазақстан» деген жазуды көруге болады. Жоғарыда аталған заттардың барлығы алтын түстес. Бір эмблемада халықтың бүкіл тарихы бейнеленген деуге болады. Елтаңбада 41 бөлшек бар. Егеменді Қазақстанның бүгінгі елтаңбасы – екі танымал сәулетшілердің: Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлихановтың орасан зор еңбегінің, шығармашылық ізденістерінің нәтижесі.



тастағы суреттерден ту ұстаған батырлар бейнелерін көруге болады. Тулардың желектерінде киелі символдар салынған. Қытай жазбаларында көне түркілердің туында қасқыр бейнесі болғаны айтылады. Өзін көк бөрінің ұрпағымыз деп санайтын түркі жұрты бөрінің басы бейнеленген көк байрақ ұстаған. Петроглифтерде күн бейнесі салынған туды ұстап тұрған жауынгерді көруге болады. Көне көшпелілердің қасқырды (бөріні) да, күнді де кие тұтқаны белгілі. Сонымен, ту дегеніміз – мемлекеттің рәмізі, бүкіл әскердің жауынгерлік рәмізі.

Жалпы, мемлекеттік елтаңба – мемлекеттің ресми айрықша белгісі, мемлекеттік органдардың банкілерінде, мөрлерінде, ақшасында бейнеленетін белгі. Елтаңба – бүкіл әлем мойындаған мемлекеттіліктің ерекше маңызды нышаны. «Герб» (елтаңба) термині неміс сөзінен аударғанда «мұра» немесе «енші» мағынасын береді және мемлекетті айрықшалайтын белгі болып табылады. Қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген ежелгі сақ тайпасының өздерін айрықшалайтын «Тамға» атанған тотем белгісінің болғандығын тарих та дәлелдейді. Аталған термин Түрік қағанаты кезінде қолданыла бастаған. Махмұд Қашқаридың атақты «Түрік тілінің сөздігі» еңбегінде бұл термин әміршіні ерекшелендіретін белгі ретінде түсіндіріледі. Рулар мен тайпалар тамғаларын қазақтар да қолданған, сонымен қатар үлкен Еуразия құрлығында тұратын түркітілді этностарда қолданылады. Өртүрлі геометриялық пішіндерден тұратын тамғалар елтаңба, мөр, таңба ретінде қолданылған.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында еліміздің мемлекеттік әнұраны екі рет – 1992 жылы және 2006 жылы бекітілді. 1992 жылы республика мемлекеттік егемендік алғаннан кейін Қазақстан әнұранының музыкасы мен мәтініне байқау жарияланды. Байқау нәтижесінде Қазақ КСР әнұранының музыкалық нұсқасын сақтау туралы шешім қабылданды. Сонымен, Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди алғашқы қазақстандық әнұранның авторлары болды. Үздік мәтінге арналған байқауда белгілі акындар – Мұзафар Әлімбаев, Қадір Мырзаліев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева ұсынған авторлар тобы жеңіске жетті. Танымал патриоттық ән «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының жаңа Гимнінің негізі болды. Оны 1956 жылы атақты сазгер Шәмші Қалдаяқов ақын Жүмекен Нәжімеденовтің өлеңіне жазған болатын. Өнге жоғары мемлекеттік әнұран мәртебесін және салтанатты дыбыс беру үшін Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев бастапқы мәтініне толықтырулар енгізді.

Әлемдік тарих тұрғысынан қарағанда онша көп те уақыт емес өткен тәуелсіздік жылдары біз әлемге Қазақстан мемлекетін таныттық, мойындаттық және әлемдік қауымдастықтың ортасынан ойып тұрып орын алдық. Еліміз қалыптасқан ұлттық мемлекеттілігі, тиімді нарықтық экономикасы, демократиялық қоғамдық құрылысы мен халықаралық жоғары беделі бар заманауи мемлекетке айналды. Сол себепті, бұл кезең біз үшін жасампаздықтың озық үлгісін көрсеткен тарихи мазмұнды

да маңызды дәуір болып табылады. Біз небір қиындықтарға қарамай болашаққа қарыштап келеміз. Күш-қуаты кемел жас мемлекетіміз даму мен өрлеу үстінде.

Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы

Соңғы жылдары біз Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, өзгертуге көштік. Түрлі салада ауқымды өзгерістер басталды. Қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асты.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткеніндей, «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп

• Әнұран немесе Гимн, гректің «hymnos» – салтанатты ән, ұран деген сөзінен шыққан. Мемлекеттік әнұран халық жүрегінің лүпілін танытып, адамдарды патриоттық сезімге бөлейтін музыкалық бойтұмар іспеттес. Оның әуенінен отанға деген сүйіспеншілік, атамекенге шексіз берілгендік аңғарылса, сөзінен рухани жан-дүниемізді танытар ұлттық қасиетіміз бен бейбіт пейіліміз, досқа ашық құшағымыз, еркіндікке құштар кең көңіліміз жақсы көрініс тапқан. Мемлекеттік Әнұран – егеменді еліміздің Туы мен Елтаңбасының сазды баламасы.

отырымыз. Кез келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз». Ол бұл ұстанымын өзінің наурыз айындағы Жолдауында «Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз» деп жалғастырды. Ал Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 5 ақпан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Біз мемлекетіміздің тамыры тереңде жатқанын ел санасында берік орнықтыруға тиіспіз. Мемлекеттік нышандарға құрмет – отаншылдықтың көрінісі. Осы орайда, мен рәміздерімізді қолдану ережесін қайта қарауды тапсырдым. Қасиетті Көк байрағымызды үй сыртына және басқа да көрнекті жерлерге ілуге тыйым салуға болмайды. Керісінше, азаматтардың мұндай әрекетін құптау керек» деген болатын.

Шынында, бұл құптарлық әрекет. Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негіздерінің бірі, олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді. Олай болса, ел рәміздеріне деген көзқарасымыз бен құрметіміз бәрінен биік болуға тиіс. Еліміз мәңгі жасап, Көк Туымыз әрқашан желбірей берсін!



СҰХБАТ

Талғат КҮЗЕМБАЕВ,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ӘНҰРАНДЫ ОРЫНДАҒАНДА ТЕБІРЕНІП КЕТЕМІН...



Қазақтың Абай атындағы Ұлттық опера және балет театрының солисі, танымал әнші Талғат Күзембаевтың есімі бүгінде өнерсүйер қауымға кеңінен танымал. Зор үнді, кең тынысты әншінің бай репертуарындағы әндердің дені – патриоттық рухта. Әншінің орындауындағы кез келген әнді тыңдаған сайын рухыңыз көтеріледі. Содан да болар, Талғат Күзембаевтың орындауындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын тыңдағанда, әрбіріміздің бойымызда Отанға, ел мен жерге деген патриоттық сезім оянып, көзімізге жас, көңілімізге күй толатыны бар. Ал мемлекетіміздің бойтұмары Әнұранды орындаған сәттегі әншінің өзіндік тебіренісі ше? Біз танымал опера әншісі, Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның аға оқытушысы Талғат КҮЗЕМБАЕВҚА жолығып, әңгімеге тартқан едік.



– Талғат Пердебекұлы, сіздің есіміңіз мемлекеттік Әнұранның тұңғыш орындаушысы ретінде тарих бетінде жазылып қалғаны сөзсіз. Алғаш рет Әнұранды орындағанда әсеріңіз қандай болды?

– Әрине, бұл менің өмірімдегі ең бір сәулелі сәт ретінде есімде қалды. Сол күнді әркез ерекше ілтипатпен еске алып отырамын. Сонау бала күнімде «Менің Қазақстаным» әнін мен мектепте жүрген кезімнен орындайтынмын. Сол кезде осынау рухты әннің тұтас мемлекеттің Әнұраны болатынын кім білген? Сол кезден-ақ өз басым бұл әнді Әнұран деп қабылдағанмын. Өйткені, сол жылдары кез келген қазақтың той-думаны осы әнмен басталып, осы әнмен аяқталатын. Содан маған бір күні Мәдениет министрлігінен хабарласып, студияға шақырды. Келіп жөн сұрасқан соң, қолыма мемлекеттік Гимннің өзгерген мәтінін ұсынды. Алғашында «бұл қалай болар екен?» деп іштей қобалжығаным да рас. Өйткені, ешқандай байқау немесе іріктеу өткен жоқ. Мен болсам, опера әншісімін. Сонымен не керек, біздің театрдың оркестрі мен үлкен хорының сүйемелдеуімен жеке дауыста орындап шықтым. Алғаш рет Әнұран 2006 жылдың 11 қаңтарында ел Президентін ұлықтау салтанатында орындалуы тиіс болатын. Бірақ біз жазған Әнұранның нұсқасы дұрыс шықпай, сол жолы айтулы шараға үлгере алмай қалдық. Дегенмен, сол жылы 15 қаңтарда Республика сарайында «Менің Қазақстаным» атты үлкен концерт өтіп, соңында хордың сүйемелдеуімен Әнұранды мен орындаған едім. Содан мен орындаған – Әнұранның жаңа нұсқасы бүкіл еліміздің балабақшаларынан бастап, жоғары оқу орындарына дейін таратылды. Әнұранның өзгертілген мәтіні былтырға дейін менде сақтаулы жүрген еді. Талдықорғанда М.Тынышбаевтың мұражайы ашылып, бір бұрышын рәміздерге арнамақшы екен. Ел тарихынан естелік қой деп, соған та-

быстадым. Жолым түссе, осы жолы сол мұражайды көріп қайтпақшымын. Ал жыл сайынғы 4 маусым – Рәміздер күні мен үшін үлкен мейрам. Менің екінші туған күнім іспетті. Бұл күні мен барлық мемлекеттік концерттерге қатысып, Әнұранды орындаймын. Сонымен қатар, 16 желтоқсанда да осы сәтті басымнан кешемін. Меніңше, бүкіл бір мемлекеттің Әнұранын орындау кез келген әнші үшін үлкен бақыт. Маған деген тағдырдың сыйы, Тәңірдің тартуы деп білемін.

– Қазір қандай композиторлардың шығармаларын орындап жүрсіз?

– Қазіргі кезде Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін орындап жүрмін. Көзі тірісінде Ескендір ағамыздың өзі батасын беріп, табыстап кеткен еді. Осындай патриоттық әндерден кейін маған өз әндерін ұсынған композиторлардың қатары көбейді. Жалпы, менің репертуарымда патриоттық әндер өте көп. Биыл біздің Ата Заңымызға да 30 жыл толғалы отыр. Осынау мерейтойға арнайы жазылған «Ата

Заң» деген ән бар. Сонымен қатар, жастарымызға рух беретін әскери әндерді де көптеп орындап жүрмін. Тәуелсіз еліміздің дербес Қарулы күштері құрылғанда, композиторларымыз ерекше шабытпен ән жазғаны белгілі. Мәселен, 2013 жылы елордада әуесқой сазгер Болатбек Қатыкбаевтың «Сарбаздары қазақтың» деген әнін орындап, бас жүлдені иелендім. Сол ән бір жыл бойы Қазақ радиосынан түспеді. Жұртшылық өте жылы қабылдады. Мен орындап жүрген әндердің негізгі тақырыбы – патриоттықты арқау ететін шығармалар. «Бабаларды ұлықтау» деген циклмен жазылған батырларымызды ұлықтаған әндер бар.

– Енді опера театрындағы репертуарыңыз туралы да аз-кем айта кетсеңіз...

– Қазақ өнерінің қарашаңырағында еңбек етіп келе жатқаным 1 маусым күні тура 24 жыл болды. Атақты опера әншісі Ғафиз Есімовтен дәріс алдым. Сол кісінің шәкіртімін. Кезінде танымал өнер адамдарын елордаға шақырған тұста, Еркеғали ағамызға «Абылай хан» операсын жазу туралы тапсырыс түссе керек. Ел Президенті «сіз 4 опера жазған адамсыз, неге осы «Абылай хан» туралы бесінші опера жазбайсыз?», – деп қолқа салған ғой. Маған осы операдағы Абылай хан ариясын тапсырған еді. Жаныма жақын бұл шығарманың да мен үшін орны ерекше. Бұл шығарма Еркеғали ағамыздың Абылай ханның 300 жылдығына жасаған үлкен тартуы болды. Бұдан өзге де бірнеше басты партияларды орындап жүрмін.

– Әнұранды шет мемлекетте жеке орындаған кездеріңіз болды ма?

– Мен өнер сапарымен шетелге жиі шығамын. Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай Еуропаға ұзақ өнер сапарына барған едім. Сол кездерде екі мемлекеттің де Әнұраны орындалатын кездер болды. Әнұранды орындаған мен екенімді естігенде, шетелдіктер тіпті құрмет көрсетіп жатты. Сондай сәтте тіпті қанаттанып, керемет сезімде боламын.

– Сізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕНДІР.





ҚАЗАҚ ГЕРАЛЬДИКАСЫ

АСҚАҚ АЙБЫНЫМ, ҰЛЫҚ АЙБАРЫМ



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«ӘНҰРАНДЫ БӘРІМІЗ БІР МЕЗЕТТЕ ОРЫНДАЙМЫЗ»

– Асылбек Байжұмаұлы, әуелі Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның қай кезде құрылғанына, оның мақсат-мүддесіне тоқтала кетсеңіз?

– Қазақстанда геральдика саласы 2011 жылы өз алдына дербес сала болып құрылды. Бұл салаға қатысты келелі міндеттерді Президент жанындағы арнаулы комиссия абыроймен атқарып келеді. Мақсат-міндеті: ведомстволық наградаларды сипаттауға қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу; Мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілерді қолдану және насихаттау мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және әдістемелік ұсынымдарды іске асыру.

– Биыл Мемлекеттік рәміздеріміздің қабылданғанына 30 жыл толды. Осы даталы жылға елдік деңгейде қандай тың іс-шаралар әзірледіңіздер?

– Биылғы жыл мемлекеттің мәртебесін әлемге танытушы Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығымен ерекшеленеді. Бұл күннің тарихи мән-маңызы ерекше. Аталған тарихи қысқа мерзімде қоғамда төл рәміздерді құрметтеу мәдениеті қалыптасты. Мемлекет саясатының ажырамас бөлігі мемлекеттік рәміздердің мерейлі 30 жылдығына арналған іс-шаралар аса маңызды мақсаттарды көздейді. Тәуелсіздік таңымен келген қастерлі Көк ту, қасиетті Елтаңба, асқақ Әнұран – мемлекетімізді әлемге танытатын нышандар. 2 маусымда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік рәміздер және Жаңа Қазақстанның елшілік әлеуеті» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция аясында Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті Геральдикалық зерттеулер орталығы «Қазақ геральдикасы: көне дәуір және бүгін» атты көрме ұйымдастырып, орталық ғалымдары құрастырған «Қазақ геральдикасы» кітап-альбомын таныстырды.

Ал 3 маусымда Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына орай ауқымды «Көк тудың желбірегені» атты республикалық патриоттар форумы өз жұмысын бастады.

Мерейтой аясында Әнұранды бір мезетте бүкіл ел болып орындау да әсерлі болады деп ойлаймын. Негізгі іс-шаралар бүгін, яғни 4 маусымда өтеді. Иә, осы күні Мемлекеттік Әнұранды бәріміз бірге шығаймыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Мемлекеттік Туды салтанатты түрде көтергеннен кейін бүкіл қазақстандық, отбасында ма, далада жүр ме, көшеде кетіп бара ма, кім қай жерде, сонда тұра қалып, бәрі бір уақытта Әнұран шығайды деп жоспарланып отыр.

Әрине, Мемлекеттік рәміздердің 30

жылдығына арналған іс-шаралар бір немесе екі күнмен шектеліп қалмақ емес, жыл бойы жүргізіледі. Мектептерде ашық сабақтар мен сынып сағаттары өткізіледі. Мағыналы көрмелер ұйымдастырылады. Мұның бәрі жас ұрпақтың кеудесіне патриоттық дәнін себуге көмектеседі деп білемін. Осы іс-шаралардың бәрі Президент айқындап берген Жаңа Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадамдар.

«ТАСТАҒЫ ТАРИХТЫ ДА ЗЕРТТЕЙМІЗ»

– «Геральдикалық зерттеулер орталығы» деген кең ұғымды білдіріп тұр, сондықтан мемлекеттік рәміздерді насихаттаудан бөлек, басқа да міндеттері бар шығар?

– Иә, әрине. Біздің орталықтың негізгі міндеттерінің бірі – тарихи таңбаларды, яғни тастағы тарихты зерттеу. Міне, бүгінгі таңда сол салада Сартқожа Қаржаубайұлы, Айдын Рысбекұлы, Зейнолла Самашев, Тұрсын Жұртбай, Жандарбек Мәлібеков сынды ғалым ағаларымызбен тығыз байланыста жұмыс істеп жатырмыз. Және осы жұмыстардың нәтижесінде «Қазақ геральдикасы» деген кітапты жазып шықтық. Ол кітапты 4 маусымда Елорда төрінде Қазақстан патриоттарының форумында таныстыратын боламыз. Сөйтіп, «Қазақ геральдикасының» жарыққа шығуы да үлкен жаңалық болғалы тұр. Сондай-ақ, біздің орталық таңбалы тастар тарихынан сыр шертетін үлкен көрме әзірлеп қойды. Оны Еуразиялық университетпен бірлесіп өткізетін ғылыми-тәжірибелік конференцияда ел назарына ұсынатын боламыз.

Өңірлік төлтаңбалар дейміз, оларды зерттеп жатырмыз. Оған қатысты әдістемелік құралдарды да әзірлеу үстіндеміз. Сондай-ақ, ведомстволық наградаларды сараптау жұмысы да біздің мойнымызда. Қазіргі таңда елімізде 200-ге жуық мемлекеттік награда бар. Әсіресе, Қорғаныс, Ішкі істер және Күштік құрылымдарға қа-

тысты. Басқа да мемлекеттік органдар өздерінің түрлі мерейтойлық медальдарының эскизін бізге жолдайды, біз оны өзіміздің сараптамалық кеңесте қарап, зерделеп, талдап, қорытындысын береміз. Ал соңғы шешімді Мемлекеттік хатшымыз Ерлан Қарин төрағалық ететін мемлекеттік геральдикалық үлкен комиссия шығарады.

ЕЛТАҢБАМЫЗ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГ БОЙЫНША 9-ОРЫНДА

– Біздің Туымыз осы Тәуелсіздіктің 30 жылында әлемдік түрлі деңгейдегі байрақты бәсекелерде 4 мың мәрте жоғары көтерілген және Антарктида мен Арктикада, Оңтүстік, Солтүстік полистерде тігілген. Маңдайалды ғарышкерлеріміз – Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов ғарышқа алып шыққан.

Мемлекеттік Туымыздың түсі көгілдір, ортасында шұғыла шашқан күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Геральдика дәстүрінде әрбір түс белгілі бір ұғымды танытады. Мәселен, аспандай көк түс адам бойындағы адалдық, тазалық, сенімділік сияқты қасиеттерді білдіреді. Күн байлық пен молшылықты, күш-қуатты бейнелейді. Ал күн астында қалықтаған бүркіт мемлекеттің еркіндігін, тәуелсіздігін, биік мақсаттар мен жарқын болашаққа деген ұмтылысын меңзейді. Тудың сабының тұсына тігінен ұзына бойына кескінделген ұлттық өрнектер Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейді.

Елтаңбамызға келетін болсақ, әдемік рейтинг бойынша біздің Елтаңбамыз әдемілігі, тартымдылығы жағынан 9-орында тұр. Елтаңбамыздың түсі осыдан 4 жыл бұрын, яғни 2018 жылы өзгертілді. Алғашқысында бұрынғы түсі қоңырлау болатын. Кейін алтын түстес болды және кириллицанен жазылған «Қазақстан» деген жазуы латын тіліне ауыстырылды. Алтынның

түсі – байлықтың, әділдіктің және кеңпейілділіктің символы.

Мемлекеттік Елтаңбаның орталық геральдикалық элементі – көгілдір түс аясындағы шаңырақ бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Qazaqstan» деген жазу бар.

Шаңырақ – киіз үйдің басты жүйе құраушы бөлігі, яғни елімізді мекендейтін барлық халықтың ортақ қонысының, біртұтас Отанының символы. Қанатты тұлпарлар батылдықты, сенімділікті және ерік-жігерді танытады. Елтаңбамыздағы тағы бір деталь – бес бұрышты жұлдыз. Жұлдыздың бейнеленуі қазақстандықтардың әлемнің барлық халқымен ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға ниетті ел болуға деген талпынысын танытады. Қазақстан тұрғындарының жүрегі мен құшағы бес құрлықтың өкілдері үшін қашанда ашық деген мағынада.

Міне, біздің орталықтың негізгі жұмыстарының бірі – осы.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ

– Қазақстанда геральдика саласы нық орнығып келе жатыр деуге болады ғой?

– Біз осы саланы зерттеп, зерделеп көрсек, Орта Азияда, түркі елдері мен Қытайда, Моңғолияда да ұлттық, тарихи музейлер бар, ал геральдикалық зерттеулер орталығы деген жоқ екен. Сондықтан да біздің орталықтың әлемдік деңгейдегі бір ғылыми іргелі орталыққа айналары сөзсіз. Мүмкіндігі, көкжиегі кең деп білемін. Бұл бағытта бізге Үкімет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп отыр.

Сондықтан алдағы уақытта жұмысымызды одан әрі жандандыра түспекпіз. Келесі жылы геральдиканың экспозициялық залын құруды көздеп отырмыз. Халықаралық геральдистер конференциясын ұйымдастыру да жоспарда тұр. Бүгінгі «Қазақ геральдикасын» алдағы уақытты серия-сериямен, том-том етіп шығаратын боламыз. Енді «Қазақ геральдикасы» деген танымдық журнал шығаруды қолға алдық.

Мемлекеттік рәміздерді егемен елімізден бөлек қарау мүмкін емес, олар – Тәуелсіздігіміздің бет-бейнесі, яғни өзіміз. Алдымен өзімізді сыйлап, құрметтей білсек, өзгелер де қадір тұтатын болады.

– Әңгіменізге рахмет!





#МЕНИҢ ТУЫМ – МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ!

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Рәміздер туралы қызықты деректер

Әр мемлекеттің даралығын дәлелдейтін нышандары болады. Сол арқылы барша ғалам алдында егемендігі айшықталып тұрады. Ол – рәміздер.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ақын Қадыр Мырза-Әлі «...біз – тарихы қалың елміз» депті. Сондай ғажап айтылған сөз. Шынында да, Ғұн империясы Батыс Еуропаға жорық жасады. Шалбар киіп, атқа үзеңгі салуды үйретті. Әскери өнердің ерен үлгісін көрсетті. Сақ патшалығы Еуропа мен Азияға билігін жүргізді. Оның ізін Түркі империясы жалғады. Сөйтіп, ат тұяғымен төрткүл дүниені дүбірлетті.



Берісі Шыңғыс хан мен Әмір Темір, Алтын Орда кезеңі өзінше бір тарих. Арысы мәмлүктерді бастап, өмір бақи қыпшақ тілінде сөйлеп, Крест жорығының басын қайтарған Сұлтан Бейбарыстың шежіресі әлі күнге дейін Араб түбегінде айтылуда. Ал дүниеде 600 жыл билік құрған Османдықтардың да түбі түркі еді. Ақын Мағжан Жұмабаевтың «көп

түрік енші алысып тарасқанда, қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па?!» деп келетін өлең жолдарының сыры да бекер емес-ті.

Қазақ мемлекеттілігінің діңгегі тереңде, тарих қатпарларымен үндесері айқын. Соның айқын дәлелі – рәміздер. Осыған орай Ту, Елтаңба, Өнұранға қатысты 5 қызықты деректер топтамасын ұсынамыз.

Көк Ту

Көк байрағымыз қастерлі ұғымға толы. Оның мән-мағынасы жоғарыда айтылған тарихпен жанасады. Осыған орай, ел-жұрт біле бермейтін фактілер топталды.

Еліміздің мемлекеттік нышандарының беймәлім тұстары мен қызықты деректері жинақталды. Тудың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.

• Көк түс – түркі халықтары үшін қасиетті ұғым. Тудағы түс көк аспанның шексіздігін білдіреді, сондай-ақ, жалпы игілік, тыныштық,

бейбітшілік және бірлік символы деп есептеледі.

• Бүркіттің силуэтін жас тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке ұмтылу идеясынан пайда болды. Оның әр елдің және этникалық топтардың елтаңбалары мен туларында суреттелгені – ертеден келе жатқан дәстүр. Символика тілінде

бүркіттің силуэтін мемлекеттік билікті, кендікті және алғырлықты білдіреді.

• Мемлекеттік тудың байқауына 1200 шығармашылық өкілі қатысты. 600-ден астам адам пікір білдірді, 245 сурет жобасы ұсынылды.

• 2012 жылы 23 ақпанда қазақстандық Андрей Гундарев Оңтүстік Американың ең биік шыңына – «Охос-дель-Саладоға» шықты, соның нәтижесінде Қазақстан Туы әлемдегі ең жоғары жанартауда орнатылды.

• 2015 жылы ғарышкер Айдын Алымбетовтің ғарышқа сапары кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы Жер шарын 150-ден астам рет айналып ұшты.

ұран сәл кейінірек қабылданды. Мәтіні 1992 жылдың 11 желтоқсанында бекітілді.

• Қазіргі Өнұранымыз заңды түрде 2006 жылы 7 қаңтарда қабылданды. Авторлар Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімеденовтің «Менің Қазақстаным» әні таңдалып, Нұрсұлтан Әбішұлының толықтыруымен жаңа Өнұран дүниеге келді.

• Жаңа Өнұран бірінші рет 2006 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевты салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды.

• Ж.Нәжімеденовтің жары Нәсіп апайдың естелігі бойынша бұл ән 1955-1956 жылдары жазылыпты.

Гимн

Әр мемлекеттің Өнұраны шежірені шертеді. Сол арқылы өткен мен бүгінді айқындайды. Соның нәтижесінде болашаққа бағдар беріледі. Бұл Гимннің еш жерде қағидат ретінде жазылмаған өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Мемлекеттің жүрек сыры – Өнұран. Бізде де – солай. Сондықтан мемлекеттік символымыздың рухани көкжиегі, шертер жыры, ұғымы туралы фактілерді топтаймыз.

• Алаш зиялылары Алаш мемлекетімен қатар, қазақ милициясын құрады. Ұлт сақшылары, жауын-герлеріне рух, күш-жігер беру мақсатында алғаш рет Өнұран жазылыпты. Авторлары – Жүсіпбек Аймауытов пен Міржақып Дулатов дейтін жорамал бар. Сондай-ақ, ол бүгінгі қолданыстағы Гимнмен үндесері анық.

герлеріне рух, күш-жігер беру мақсатында алғаш рет Өнұран жазылыпты. Авторлары – Жүсіпбек Аймауытов пен Міржақып Дулатов дейтін жорамал бар. Сондай-ақ, ол бүгінгі қолданыстағы Гимнмен үндесері анық.

• Басқа рәміздерге қарағанда Өнұран

Елтаңба

Елтаңба аты айтып тұрғандай, елдің дербестігін танытады. Бұл аса жоғары деңгейдегі символ қатарына жатады. Осыған қарап сол мемлекеттің тарихын бағамдай аласыз.



• Қазіргі еліміздің аумағында ғұмыр кешкен ежелгі сақ тайпасының өздерін ерекше айрықшалайтын «Тамға» атанған тотем белгісінің болғандығы тарихтан белгілі. Аталған термин Түрік қағанаты кезінде қолданыла бастаған.

• Қазақстанның Елтаңбасын құрастыруда авторлар 293-тен аса жоба ұсынған. Елтаңба конкурсының сыйақысы – 20 мың

рубль болған.

• Бір қызығы авторлар Жандарбек Мәлібеков және Шот-Аман Уәлиханов бірін-бірі білмесе де, көрмесе де олардың жасаған елтаңба үлгісі қатты ұқсаған.

• Елтаңбада шаңырақты көтеріп

тұрған 72 уық бар. Ол «Бір ел, бір халық, бір мақсат» тұжырымдамасы негізінде жасалған.

• Қазақ әліпбиін біртіндеп латын қарпіне көшіруді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік рәміздердің бірі Елтаңбаға өзгеріс енгізілді. 2018 жылдың 1 қарашасынан бастап Елтаңбадағы «Қазақстан» жазуы латынша QAZAQSTAN деп өзгертілді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды).

P.S.

Қазақ мемлекеттілігінің ғұмыры мәңгі, айбыны асқақ, халқы өр, рухы бекем, көрер жарығы мол, әскері қуатты державаға айналсын деген тілек білдіреміз!

МӘРТЕБЕ

Мемлекеттік марапатқа ие болу – екінші біріне бұйыра бермейтін мәртебе. Ел мен жерге, халыққа қызмет етуде ерекше жетістікке жеткен адамды орден, медаль, атақтармен марапаттау мемлекеттің жекелеген адамға деген назары, алғысы, халықтың ризашылығы ретінде қабылданады. Бүгінде Қазақстанда мемлекеттік марапаттың 20-дай түрі бар. Мемлекеттік, қоғамдық, шығармашылық ерен еңбегі немесе әр саладағы абыройлы қызметі мен ерлігі үшін берілетін марапатты тек Қазақстан азаматтары ғана емес, республикаға айрықша еңбегі сіңген шетел азаматтары да ала алады. Үлкенді-кішілі марапаттардың дәрежесіне қарай төсбелгісі мен қаржылай сыйақысы және түрлі жеңілдіктері бар.

Мемлекеттік марапаттың шарапаты мол



Айнұр
СЕНБАЕВА

Еліміздің ең жоғары дәрежелі марапаттары – «Алтын Қыран» ордені, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары. «Алтын Қыран» ордені Республикаға сіңірген мемлекеттік ерекше еңбегі үшін Қазақстан азаматтары немесе КСРО-ның ордендерінің бірімен марапатталған азаматтарға беріледі. «Халық қаһарманы» атағы, «Алтын жұлдыз» белгісі және «Отан» ордені мемлекеттің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы жауынгерлік ерліктері үшін тапсырылады. «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы азаматтарға еліміздің экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін беріледі.

Еліміздің ең жоғары дәрежелі марапаттары – «Алтын Қыран» ордені, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары. «Алтын Қыран» ордені Республикаға сіңірген мемлекеттік ерекше еңбегі үшін Қазақстан азаматтары немесе КСРО-ның ордендерінің бірімен марапатталған азаматтарға беріледі. «Халық қаһарманы» атағы, «Алтын жұлдыз» белгісі және «Отан» ордені мемлекеттің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы жауынгерлік ерліктері үшін тапсырылады. «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы азаматтарға еліміздің экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін беріледі.

СЫЙЛЫҚТАР

Елімізде білім, ғылым, өнер, әдебиет саласындағы жетістіктері үшін азаматтарға арнайы мемлекеттік сыйлықтар қарастырылған. Олар: Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы, Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы 29 жасқа дейінгі ғылым, шығармашылық және қоғамдық қызметте белгілі бір жетістікке жеткен жастарға тағайындалады.

ОРДЕНДЕР

Орден медальға қарағанда жоғары дәрежелі марапат. Еліміздегі беделді марапаттың бірі Отан ордені 1993 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен белгіленді. Бұл орденмен азаматтардың экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы; мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі марапатталады.

«Даңқ», «Айбын» ордендерімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, Ішкі істер және басқа органдар басшы құрамының адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқарудағы табыстары, әскерлердің жоғары жауынгерлік әзірлігі мен елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны үшін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіп күзетін нығайтқаны үшін марапатталады.

Аталған ордендер бірнеше дәрежелі болып бөлінеді. «Парасат», «Құрмет», «Достық», «Барыс» ордендерімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, сондай-ақ республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор үлес қосқан немесе адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтарды марапаттайды. Бұлардан бөлек салалық және атаулы күндерге орайластырылып берілетін марапаттар бар.

МЕДАЛЬДАР

Қазақстанда «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медалі негізінен әр сала мамандарының көрсеткен ерлігі үшін беріледі. Айталық, «Ерлігі үшін» медалі төтенше жағдайлар кезінде адамдарды құтқаруға атсалысып, жанқиярлықпен ерлік көрсеткен адамдарға тағайындалады. Өрине, адамгершілігі бар кез келген азамат ерлікті медаль, атақ, даңқ үшін емес, адамдарға жақсылық жасау мақсатында, қайырымдылық үшін жасайды. Дегенмен, ерлік пен еңбектің елентені кез келген адам үшін көңілге медеу.

АТАҚТАР

Қазіргі таңда елімізде «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы бар. Бұл Республикаға сіңірген зор еңбегі үшін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ғылым, мәдениет, өнер, өндіріс және әлеуметтік саланың өкілдеріне беріледі. Сондай-ақ, «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы». Атағы белгіленген ғарыштық ұшу бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асырған, алдарына қойылған ғылыми-техникалық, зерттеушілік және практикалық міндеттерді мінсіз орындаған азаматтарға беріледі.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Жандарбек МӘЛІБЕКОВ:



ЕЛТАҢБАНЫ

әр қазақ құрметтеуі керек

Мемлекеттік рәміздер туралы сөз қозғалғанда ойымызға бірден Жандарбек Мәлібеков деген аяулы есімнің орала кететіні заңдылық. Себебі, ол – Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор, «Құрмет» және I дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері. Биыл мерейлі 80 жасқа толды.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Елтаңба нұсқасын жасауға байқау жарияланғанда, оған ұсынылған 293 жобаның ішінен Жандарбек Мәлібековтің жобасының қара үзіп шыққанында қандай сыр бар?

Еліне Елтаңба сыйлаған белгілі сәулетшімен бізге де сұхбаттасудың сәті түскен болатын.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

– Жандарбек аға, бір сұхбатыңызда «Өзге елде жүрсем де, өз елімнің Елтаңбасын жасап шықтым» депсіз, осы жөнінде оқырмандарымызға толығырақ айта отырсыңыз?

– Мен Қызылорда облысында қарапайым теміржолшы отбасында дүниеге келгенмін. Анадан ерте айырылып, әкемнің қамқорлығында өстім. Орта мектепті туған жерімде бітірдім. Мектептен соң 1959 жылы Ташкентке оқуға аттандым. Суретші болуды армандадым. Үлкен шаһарда таныс-біліс ешкімім жоқ, жолшыбай пойызда танысқан өзім секілді өнер-білім қуған жігіттерге ілесіп, бір өзбектің үйіне келіп түстім. Ертеңіне сапарлас серігіммен оқу орнына келсем, емтихан бітіп, жатақханалардың бөлмелері беріліп қойған екен. Әлгі жігіт «біздің политехникалық институтта құрылыс-сәулет факультеті бар, құжатыңды соған тапсырып көрсең қайтеді» деген кеңес берді. Сөйтіп, Ташкент политехникалық институтына қабылдандым.

Соғыстың аяқталғанына біршама уақыт өткенімен, елдің жағдайы әлі түзеліп кете қоймаған кезең. Оқу оқи жүріп, жұмыс та істедік. Диплом алған соң елге қайтып кете алмадық. Өйткені, өзбек билігінің шарты бойынша оқудан кейін үш жыл сонда жұмыс істеуің керек. Үш жылдың соңы 40 жылға ұласты.

Қазақстан Тәуелсіздігін алған тұста, 1991 жылы Мемлекеттік рәміздерге халықаралық байқау жарияланғанын естідім. Шет жерде сонша жыл жүрсем де, жүрегімнің түкпірінде туған еліме деген сағынышым күнделікті еді. Сол сәт барлық ісімді ысырып қойып, егемендігін алып жатқан елімнің Елтаңбасын сомдауға кірісіп кеттім. Ең алдымен дүние жүзіндегі барлық мемлекеттің елтаңбаларын қарап шығып, ой сүзгісінен өткізе отырып, еліміздің тарихы мен дәстүрін әбден зерттеп, зерделедім. Сөйтіп, 1992 жылдың наурызында Жоғарғы Кеңестің бәйге материалдарын қабылдайтын бөліміне мен де өз жобамды тапсырдым.

– Елтаңбаның дүниеге келгеніне 30 жыл өтсе де, ондағы элементтердің философиялық мән-мазмұнына тағы да тоқталсаңыз екен. Бүгінгі жас оқырмандарымыз, жас ұрпақ тереңірек түсінсе дейміз.

– Жасыратыны жоқ, Рәміздер күнін тек 4 маусымда өткіземіз де, қалған уақытта ұмытып кетеміз. Бірақ биылғы іс-шаралардың жыл бойы жалғасатынын естіп, қуанып қалдық. Өйткені, мемлекеттік рәміздеріміздің мән-мағынасы жастарға түсінікті болатындай насихатты күшейтуіміз керек. Жаңа Қазақстанды құратын сол жастар.

Шындық сол, Елтаңбадағы түрлі элементтердің неге олай бейнеленгенін қазір үлкендер де, көп жастар да біле бермейді. Елтаңбадағы 41 элементтің әрқайсысының қандай мағына беретінін түсіндіріп беретін «Қазақтың елтаңбасы» деген кітабым бар. Соны әрбір

қазақ оқуы керек. Әйтпесе, «мына жері атқа, мына тұсы қанатқа ұқсайды екен» деп қоя саламыз. Мысалы, Елтаңбаның ішінде «жота» элементі бар. 1723 жылы қазақтар «Қаратаудың басынан көш келеді, көшкен сайын бір тайлақ бос келеді» деп сипаттаған аса ауыр заманды басынан өткерген. Елтаңбадағы сол Қаратау жотасы. Ал егер тарихыңызды іздейтін болсаңыз, бір Елтаңбадан бүкіл тарихты білуге болады.

Біздің Мемлекеттік Елтаңбаның негізгі геральдикалық элементтерінің бірі – киіз үй. Ал киіз үй деген – отау. Кеңес үкіметінің құрамынан шығып, қазақты түсінік бойынша өз алдымызға отау тіктік. Енді сол отауды қорғау керек. Бірақ қалай қорғаймыз? Әрине, тарихымызбен, мәдениетімізбен қорғаймыз. Елтаңбада біздің заманымыздан бұрынғы 4-5-мыңжылдықта пайда болған киіз үй, сақ дәуірінен бастап, ғұн дәуірі, түрік қағанаты, оғыз-қыпшақ дәуірі, одан кейін біріккен заман, Кеңес үкіметі кезінде көп ұлт болып қалыптастық, соның бәрі бейнеленген. 1823 жылы Ордабасыда үш жүздің басы қосылып, жоңғарларға қарсы шықты. Оны «біріккен заман» дейміз. Жұдырықтай жұмылғанда ғана жауларымызды жеңдік. Елтаңбада үлкен, ортаншы, кіші деп аталатын үш қауырсын бар. Ол Тәуелсіздік алғаннан кейінгі үш жүздің баласының ұрпағы ғой. Жоғарғы жақта үлкен, ортаншы, кіші буынның арасында кірме буындар бар. Сол арқылы үш жүзге кірмейтін қожа, сунақ, төлеңгіттер бейнеленген. Олар бәрібір қазақтар. Соның барлығы омыртқа секілді элементке

«Бұл мереке біздің мемлекеттілігіміз үшін ерекше маңызға ие. Ту, Елтаңба және Әнұран – әрқайсымызда патриоттық сезімді оятады. Тәуелсіздіктің осы қасиетті атрибуттары әрқашан ұлттың бірлігіне қызмет ете берсін!».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

біріктірілген. Содан кейін тұлпарға отырғызылады. Тұлпардың мүйізінде жеті сакина бар. Ол жеті атамызды, тектілігімізді білдіреді. Мүйіздің өзі біздің Отанымызды, шаңырақты қорғап тұр. Көп адам босағадағы желбауды түсіне бермейді. Ол киіз үйдің шаңырағына байланып, төмен түсіп тұрады. Қатты жел соққанда үйді ұшырып әкетпеу үшін желбауға диірмен байлап қояды. Бұл «босағаң берік болсын» деген ұғымды білдіреді. Елтаңбада қошқар мүйіз элементі бар. Біздің ою-өрнектер сақ дәуіріндегі аң стилінен шыққан. Киіз үйде, текеметте қошқар мүйіз салынады. Ол – біздің қолтаңба өнеріміздің туындысы. Ертеде қазақтар ою-өрнектер арқылы да хабар алысып тұрған.

Елтаңбада тұлпарды бейнелеу арқылы «біздің жерде тұлпарлар үйретілген, біздің жерде ұлы дала демократиясы қалыптасқан» дегенді жеткізгім келді.

– Бүгінгі Тәуелсіз елдің бақытты жастарына тілегіңіз қандай?

– Қазіргінің жастарына көп оқу керек дер едім. Неғұрлым жас кезде ақыл, білім жинау керек. Жасымда Тұрмағамбет Ізтілеуұлының нақыл сөздерін оқып өстім. Тұрмағамбет аударған «Шахнамада» жалпы Шығыстың асыл қазынасы тұнып тұр десем, қателеспеймін. «Мың бір түнді» аударған Қалмақан Әбдіқадыровтың, атақты өнер иесі Нартай Бекежановтың көзін көрдім. «Алпамыс», «Ер Тарғын» жырларын жаттап өстім. Олар құлағымда қалмаған болса, Елтаңбадағы қанатты тұлпар туралы қайдан білемін?!

Өлемнің әр қиырында әлі күнге өз туы, елтаңбасы, әнұраны жоқ ұлттар да бар. Ал Қазақ елі атамекеніне бөгде жерден көшіп келген жоқ, ешқайда көшіп кеткен жоқ. Осынау Ұлы далада елдігін, салт-санасын, дәстүрі мен мәдениетін қалыптастырды. Сондықтан ой-санамызды, рухани дінгегімізді күшейте түсетін Туымызды, Елтаңбамызды, Әнұранымызды қадірлей білейік дегім келеді бүгінгі ұрпаққа.

Мемлекеттің таңбасы – елдің арман-ансары, ұстанымы, қағидаты, философиясы. Сондықтан мен өзімді Елтаңбаның бірден-бір авторымын дей алмаймын. Оның иесі де, киесі де – халық. Мен сол халықтың бір ұлымын.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!





Мемлекеттік рәміздерімізді қастерлеу – әр азаматтың перзенттік парызы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

РӘМІЗДЕР – КИЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ



1992 жылғы 4 маусымда Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітіліп, бұл күн ел тарихында жаңа Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталды.

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін символикалық белгілер: Көк байрақ, Елтаңба және Әнұран.



Айжан БҮРКІТБАЕВА

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес, жыл сайын 4 маусым Қазақстанда Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі. Сондықтан республика азаматтарының мемлекеттік рәміздерді қастерлеуі – парызы.

Біз бүгінгі мерекеге орай оқырмандардың сұрауымен шаһардағы рәміздер сататын арнайы дүкендердің иелерінің бірімен шағын сұхбат жүргіздік.

Жеке кәсіпкер Серғали Баубеков әлемге елді танытқан жастарымыздан шабыт алып, 2015 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін дайындауды қолға алған.

– Рәміздерді шығару идеясы Мемлекетіміз аяғына тұрып, көптеген чемпиондарымыз елімізді жан-жақты таныта бастағанда пайда болды. Шіркін, осы спортшыларымызға жақсы матадан байрағымызды жасап берсем деп армандаушы едім, – дейді ол. Кәсіпкер Елтаңбаны өзі ағаштан жонып істейтінін айтты:

– Елтаңба және туларды өзіміз жасап шығарамыз. Лицензиямыз бар. Шынайы жүрекпен патриоттық рухпен жасалған жұмыста қиыншылық болмайды. Сұранысқа ие Елтаңба 50 см құрайды. 10 дана

дайындау уақыты – 4 күнге созылады. Бүгінде Ту бойынша сұраныс өте көп. Өлшемі 2x1 метр болатын 25 байрақты 8 сағатта дайындаймыз. Өндірілген заттар мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Қазақстанның барлық қалаларына жеткізіледі, – дейді С.Баубеков.

Қазіргі таңда рәміздерге деген сұранысты тек мемлекеттік мекемелер ғана беретін көрінеді. «Тек арасында өзім армандағандай, спортшыларымызға ең жақсы матадан бойларына сай қылып ту жасап беремін», – дейді кәсіпкер. Оның айтуынша, халық тарапынан рәміздерімізге деген қызығушылықты, сұранысты арттыру үшін заңымызға өзгеріс енгізу керек.

– Еліміздің патриоттық рухын көтеру үшін әр үйде туымыз желбіреп тұрса деймін. Ол үшін әрине, мемлекет тарапынан рұқсат керек. Яғни мемлекетіміз рәміздерді қолдану заңдарына толықтырулар енгізу қажет. Мысалы, Түркия, АҚШ-та адам санынан желбіреп тұрған байрақтардың саны көп, – дейді Серғали Баубеков.

Кәсіпкер көптеген идеялардың, әсіресе Әнұранға байланысты тың ойлардың бар екенін жеткізді.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ



Балалар жылы 2022

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Әнұранды жатқа білетін балдырған




Нұржамал ӘЛШЕВА

Гүлбаршын үйіне жақындау балабақшада тәрбиеші болып істейді. Осы жұмыс орны оң жамбасына келе қалды өзі. Себебі, алып қалада екідегі қызын құшақтап, бестегі ұлын жетегіне алып, автобусқа отырып, одан көлігі ағылған жолдан өтіп, балабақшаға жету де оңай емес.

Өздері пәтерде тұрады. Жары таңмен таласа ерте тұрып кетеді жұмысына. Сондықтан оған «бізді көлігіңмен балабақшаға жеткізіп салмайсың» деп ренжудің реті жоқ. Тапқан-таянғандарын екеулеп «Отбасы банкіне» салып жатыр. Ойына алған қаражаттың тең жартысын жинаса, ата-енесі де көмектесеміз деп отыр. Екі балаға балабақша төлемінің жартысын ғана төлейді. Балабақша қызметкерлеріне өз ішінде сондай жеңілдік жасалған. Бұл да болса жас отбасына Құдайдың қарайласқаны. Солай. Көштен қалмай, ұрпақ үшін осылай тіршілік кешіп жатыр.

Бүгін күн жаңбырлы. Себелей жауып тұр. Екі баламен қолшатыр ұстау қолайсыз. «Міне, жақын жер, жетіп аламын ғой» деп, бір жағынан су болып қалмас үшін, екінші жағынан, балаларды қабылдап алу керек, сондықтан жұмыстан кешігіп қалмас үшін екпіндете асығыс жүріп келе жатыр. Бір кезде құшағындағы кішкентай Асылым мойнын созып артына бұрыла берді қайта-қайта. Бірдеңе деп былдырлап сөйлеп қояды. Оған мән беруге Гүлбаршында шама жоқ. Етегінен ұстап алған ұлы да сүрініп кетіп, құлап қала жаздады. Өзінің де қолайсыз ауа райында денесі ауыр тартып жүрісі мандымай келе жатқан келіншек:



Сурет галлатордан алынды.

– Қызым, тынып, қозғалақтай берме, қазір су боламыз, тез жетіп алайық, – десе де тыңдамай, артына бұрыла берді.

Анасының мына екпінімен тоқтай қоймайтынын білген бұлдіршін кішкентай қолын жүрек тұсына апарып, өз тілінде «Ме-енім елім, ме-енім елім!» деп Әнұранды шырқай жөнелсін. Сөйтсе, екі жастағы Асылым жолдағы үлкен ғимараттың ұшар басында желбіреп тұрған Көк Туды көріп қалып, соны анасына көрсеткісі келіп бұрыла берген екен ғой артына. Жас ананың жүрегі елжіреп кетті. Жақсы ұрпақ тәрбиелеп жатқанына, дұрыс жолда келе жатқанына қуанды.

Қазір жұмысқа жетіп, балаларды түгендеп қабылдап алған соң, жұмыс күні, яғни таң Әнұранмен басталады. Балдырғандар Әнұранның алғашқы нотасын естігеннен-ақ ойыншықтарын тастай салып, орындарынан ұшып-ұшып тұрып, нәп-нәзік қолдарын кеуде тұсына апара қойып, әдемі әуенге ілесе жөнеледі. Тап-таза жан-дүниесімен орындайды олар. Патриоттық сезім кішкентай жүректерге де солай орнығып алған.

Әнұран демекші, күні кешегі мектептегі соңғы қоңырау кезіндегі бір оқиға да әлі көз алдымда. Кенжем оқу озаты атанды да, салтанатты іс-шараға ата-ана ретінде мен де барып қатыстым. Баламның қуанышына ортақтасқым келді. Бір кезде мемлекеттік Әнұран басталды. Үлкен-кіші сілтідей тына қалып, кеудемізге қолымызды қойып, қосыла кеттік.

Мен секілді мектепке келген бір ата-ана кішкентай баласын 9-10 жастардағы қызына табыстап кеткен сыңайлы, өзі көрінбейді, ал әлгі қыз бала қолды-аяққа тұрмай, аяғын тәй-тәй басып жүрген бөпесінің соңынан ол қайда барса сонда, сонынан салпақтап жүр. Бір қолы – сәбидің желке тұсында (құлап қалмасын дегені), екінші қолы – өз жүрегінде, солай Әнұранға қосылып шырқап жүр. Сол сәт «Елді, Отанды сүюді баладан да үйренуге болады» деген ой келді көкейге.

Міне, біздің болашақ!



01.06 2022 жылы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28319 болып тіркелген.
Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің 2022 жылғы 1 мамырдағы №1 шешімі

Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Алматы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

ШЕШІМІ:

1. Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі №01 «Алматы қаласы Алматы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1538 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы №77 сайлау учаскесі алынып тасталсын.
2. «Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:
1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Алматы қаласы Алматы ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын;
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы ауданының әкімі

Е.СЕЙТЕНОВ

01.06 2022 жылы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28306 болып тіркелген.
Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2022 жылғы 31 мамырдағы №1 шешімі

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне
1.06.2022 жылы №28306 болып енгізілді.

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

ШЕШІМІ:

1. Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1591 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасында № 593 сайлау учаскесі алынып тасталсын.
2. «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы шешімді оның ресми жариялағаннан кейін Алматы қаласы Алатау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алатау ауданының әкімі

А.ҚАЛДЫБЕКОВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 2 маусымдағы №1 шешімі

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2022 жылғы 2 маусымда №28325 болып тіркелді

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2020 жылғы 7 қазандағы №3 «Алматы қаласы Наурызбай ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

ШЕШІМІ :

1. Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің 2020 жылғы 7 қазандағы №3 «Алматы қаласы Наурызбай ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1644 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген шешімнің қосымшасы, осы шешімнің қосымшасына сөйкес жана редакцияда жазылсын.
2. «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнама-сымен белгіленген тәртіпте осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуді қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау Наурызбай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Наурызбай ауданының әкімі

С.ТОҒАЙ

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің
2022 жылғы 2 маусымдағы
№1 шешіміне қосымша

Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің
2020 жылғы 7 қазандағы
№3 шешіміне қосымша

Алматы қаласы Наурызбай ауданының сайлау учаскелері

№500 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 20 үй, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 Қалалық клиникалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Сапожниково өзенінің арнасынан (Ақсай-Қарғалы каналы) Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен шығыс бағытта Қарғалы өзенінің арнасына дейін. Қарғалы өзені арнасының батыс жағалауымен оңтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Тәжібаев көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының Тәжібаев көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Сапожниково өзенінің арнасына дейін (Ақсай-Қарғалы каналы). Сапожниково өзені арнасының шығыс жағымен (Ақсай-Қарғалы каналы) солтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданындағы № 20Б, 22, 24, 26 үйлердің аумақтарын қоса алғанда Райымбек даңғылына дейін.

№501 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 20 үй, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 Қалалық клиникалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесінен «Қалқаман-2» шағынауданының Күлбеков көшесінің солтүстік жағымен шығыс бағытта Қарғалы өзенінің арнасына дейін. Қарғалы өзені арнасының батыс жағымен солтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Тәжібаев көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының Тәжібаев көшесінің оңтүстік жағымен батыс бағытта Сапожниково өзенінің арнасына дейін (Ақсай-Қарғалы каналы). Сапожниково өзенінің арнасымен (Ақсай-Қарғалы каналы) оңтүстікке, одан әрі батысқа «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесінің оңтүстік жағымен батыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының №10Д үйінің солтүстік жағына дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының №10Д, 4А, 4 үйлері аумағының солтүстік шекарасы боймен батысқа қарай «Қалқаман-2» шағынауданының Айтбаев көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағын ауданындағы Айтбаев көшесінің шығыс жағымен оңтүстік бағытта Сапожниково өзенінің арнасына дейін (Ақсай-Қарғалы каналы). Сапожниково өзенінің арнасымен (Ақсай-Қарғалы каналы) солтүстік-шығыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесінің шығыс жағымен оңтүстік бағытта Қалқаман-2» шағынауданының Күлбеков көшесіне дейін.

№502 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 32 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№157 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесінен «Қалқаман-2» шағынауданының Күлбеков көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Сейтметов көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының Сейтметов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Байзақ батыр көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының Байзақ батыр көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Ақтамберді жырау көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Ақтамберді жырау көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Арман көшесіне дейін. «Қалқа-ман» шағынауданының Арман көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Абай даңғылына дейін. Абай даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Қыдырбеков көшесі үйлерінің жұп нөмірлерін қоса алғанда, «Қалқаман-2» шағынауданының Елібаев көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданындағы Елібаев көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауда-нындағы Бегалиев көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданындағы Бегалиев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданындағы Ер Жәнібек Бердіаулетұлы көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының Ер Жәнібек Бердіаулетұлы көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Күлбеков көшесіне дейін.

№503 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 20 үй, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 Қалалық клиникалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Алатау даңғылынан Райымбек даңғылымен шығыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданының Әшімов көшесіне дейін. Әшімов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданындағы №4Д үй аумағының оңтүстік жағына дейін. «Қалқа-ман-2» шағынауданының №4Д үй аумағының оңтүстік жағы бойымен батысқа қарай «Қалқаман-2» шағынауданының Айтбаев көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданындағы Айтбаев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Шұғыла» шағын ауданындағы Жықабаев көшесіне дейін. «Шұғыла» шағынауданының Жықабаев көшесінің солтүстік жағымен батысқа қарай «Шұғыла» шағынауданының Жүнісов көшесіне дейін. «Шұғыла» шағынауданының Жүнісов көшесінің шығыс жағымен солтүстікке қарай «Шұғыла» шағынауданының Дала кө-шесіне дейін. «Шұғыла» шағынауданындағы Дала көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Алатау даңғылына дейін. Алатау даңғылының шығыс жағымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін.

№504 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шұғыла» шағынауданы, 345/3 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№200 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Центральная көшесінің қала шекарасымен қиылысынан шығыс бағытта «Абай» шағынауданы аумағының батыс шека-расына дейін. «Абай» шағынауданы аумағының батыс және оңтүстік шекарасы бойымен шығыс бағытта Қайнар бай-бақша серіктестігі тұ-тыу кооперативының №38А, 39, 40 үйлері аумағының солтүстік шекарасы бойымен «Наурыз» шағынауданының Сәбденов көшесіне дейін. «Наурыз» шағынауданының Сәбденов көшесімен, одан әрі Строительная көшесімен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін. Абай даңғы-лының оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Ақжар» шағынауданының Ақкөл көшесіне дейін. «Ақжар» шағынауданының Ақкөл көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Ақжар» шағынауданының Белжайлау көшесіне дейін. «Ақжар» шағынауданының Белжайлау көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта қала шекарасына дейін. Қала шекарасымен солтүстік бағытта Центральная көшесіне дейін.

№505 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 32 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№157 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Қалқаман-2» шағынауданының Сұраншы батыр көшесінен «Қалқаман» шағынауданының Жақыбаев көшесінің оң-түстік жағымен батыс бағытта Сапожниково өзеніне дейін (Ақсай-Қарғалы каналы). Сапожниково өзенімен «Ақсай-Қарғалы каналы) сол-түстік-шығыс бағытта «Қалқаман» шағынауданының Әшімов көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Әшімов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Қалқаман» шағынауданының Ер Жәнібек Бердіаулетұлы көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Ер

Жәнібек Бердіаулетұлы көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта «Қалқаман» шағынауданының Бегалиев көшесіне дейін. «Қалқаман-2» шағынауданындағы Бегалиев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Қалқаман-2» шағынауданындағы Елібаев көшесіне дейін. «Қал-каман-2» шағынауданындағы Елібаев көшесінің солтүстік жағымен «Қалқаман-2» шағынауданындағы Айбергенов көшесіне дейін. «Қалқа-ман» шағынауданының Айбергенов көшесімен оңтүстік бағытта «Қалқаман» шағынауданының Айбергенов көшесінің жұп емес нөмірлер үйлерін қоса Абай даңғылына дейін. Абай даңғылымен батыс бағытта Сапожниково өзенінің арнасына дейін (Ақсай-Қарғалы каналы). Са-пожниково өзенінің арнасымен (Ақсай-Қарғалы каналы) солтүстік бағытта «Қалқаман» шағынауданының Алатау көшесіне дейін. «Қалқа-ман» шағынауданының Алатау көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта «Шұғыла» шағынауданының Сұраншы батыр көшесіне дейін. «Шұғыла» шағынауданының Сұраншы батыр көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта «Шұғыла» шағынауданының Жақыбаев көшесі-не дейін.

№506 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қалқаман-2» шағынауданы, Қыдырбеков көшесі, 32 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 157 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Қалқаман» шағынауданының Ақтамберді жырау көшесінен «Қалқаман» шағынауданының Байзақ батыр көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Қарғалы өзенінің арнасына дейін. Қарғалы өзені арнасының батыс жағалауымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін. Абай даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта «Қалқаман-2» шағынауданындағы Аспандияров көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Аспандияров көшесінің оңтүстік жағымен солтүстік бағытта «Қалқаман» шағынауданының Арман көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Арман көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта «Қалқаман» шағынауданының Ақтамберді жырау көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Ақтамберді жырау көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта «Қалқаман» шағынауда-ның Байзақ батыр көшесіне дейін.

№507 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қалқаман-2» шағынауданы, Сәдуақасұлы көшесі, 47 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№176 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Сапожниково өзенінің арнасынан (Ақсай-Қарғалы каналы) Абай даңғылымен солтүстік-шығыс бағытта «Қалқаман» шағынауданының Әшімов көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Әшімов көшесінің шығыс жағымен, солтүстік-батыс бағытта «Қалқаман» шағынауданының Арман көшесінің тұстамасына дейін. «Қалқаман» шағынауданының Арман көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта «Қалқаман» шағынауданының Аспандияров көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Аспандияров көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін. Абай даңғылының оңтүстік жағымен шығыс бағытта Қарғалы өзенінің арнасына дейін. Қарғалы өзені арнасының батыс жағымен оңтүстік бағытта Шәлипин көшесіне дейін. Шәлипин көшесінің солтүстік жағымен батыс бағыт-та Қалқаман-2 шағын ауданы Әшімов көшесіне дейін. «Қалқаман» шағынауданының Әшімов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта «Таусамалы» шағынауданының Айтматов көшесіне дейін. «Таусамалы» шағынауданының Айтматов көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Сапожниково өзенінің арнасына дейін (Ақсай-Қарғалы каналы). Сапожниково өзені арнасының шығыс жағымен (Ақсай-Қарғалы каналы) солтүстік бағытта Абай даңғылына дейін.

№508 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қалқаман-2» шағынауданы, Сәдуақасұлы көшесі, 47 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№176 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Қалқаман» шағынауданының Әшімов көшесінен Шәлипин көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Қарғалы өзенінің арнасына дейін. Қарғалы өзені арнасының батыс жағалауымен оңтүстік бағытта «Қалқаман» шағынауданының Кенесбаев көшесі-не дейін. «Қалқаман» шағынауданының Кенесбаев көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта «Қалқаман» шағынауданының Әшімов көшесіне дейін. Әшімов көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Шәлипин көшесіне дейін.

№509 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таусамалы» шағынауданы, Жандосов көшесі, 4 үй, Алматы қаласы Білім басқармасының «№188 мек-теп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Тастыбұлақ» шағынауданының Таутаған көшесінен Жандосов көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Ермек бай-бақша серіктестігі аумағының шығыс шекарасына дейін. Ермек бай-бақша серіктестігі аумағының шығыс шекарасының батыс жағымен оңтүстік-шығыс бағытта, Жанат бай-бақша серіктестігінің батыс шекарасын бойлай Жадыра бай-бақша серіктестігінің оңтүстік шекарасы-на дейін. Жадыра бай-бақша серіктестігінің оңтүстік, одан әрі шығыс шекарасымен Сәулет бай-бақша серіктестігі аумағының оңтүстік шекарасына дейін. Сәулет бай-бақша серіктестігі аумағының оңтүстік шекарасымен шығыс бағытта Арал бай-бақша серіктестігінің батыс шекарасына дейін. Арал бай-бақша серіктестігінің батыс шекарасымен оңтүстік бағытта «Қарағайлы» шағынауданының солтүстік шека-расына дейін. «Қарағайлы» шағынауданының солтүстік шекарасымен батыс бағытта бұлақ арнасына дейін. Бұлақ арнасының батыс жағы-мен оңтүстік бағытта Алмазар бай-бақша серіктестігі аумағының солтүстік шекарасына дейін. Алмазар бай-бақша серіктестігі аумағының солтүстік шекарасымен батыс, одан әрі оңтүстік бағытта қала шекарасына дейін. Қала шекарасымен солтүстік-батыс бағытта Ақсай өзенінің арнасына дейін. Ақсай өзенінің арнасымен солтүстік бағытта Алатау бай-бақша серіктестігінің оңтүстік шекарасына дейін. Алатау бай-бақша серіктестігі шекарасының оңтүстік, одан әрі шығыс жағымен солтүстік бағытта Ақсай медик бай-бақша серіктестігі аумағының шығыс шекарасына дейін. Ақсай медик бай-бақша серіктестігі аумағының шығыс шекарасымен оңтүстік бағытта Обувщик бай-бақша серіктестігі аумағының шекарасына дейін. Обувщик бай-бақша серіктестігінің шығыс жағымен солтүстік бағытта «Тастыбұлақ» шағынауданының Таутаған көшесіне дейін. «Тастыбұлақ» шағынауданының Таутаған көшесінің батыс жағымен солтүстік бағытта «Тастыбұлақ» шағынауданының Жандосов көшесіне дейін.

№510 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Таусамалы» шағынауданы, Гроза көшесі, 102 үй, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 26 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

